

Жалпы және қолданбалы психология кафедрасы бойынша 2014-2017 жж. аралығындағы тәрбие жұмыстарының орындалуы туралы есеп

Жалпы және қолданбалы психология кафедрасында студенттер арасында тәрбие жұмысын жүргізуге қолайлы жағдай жасалған. Тәрбие жұмыстарының жоспары жаңа оқу жылдың «30» тамыздағы кафедра мәжілісінде бекітіліп (№1 хаттама) жоспарға сәйкес жүргізілді. Студенттермен жүргізілетін тәрбие жұмыстары университеттің бекітілген тәрбие жоспары бойынша 17 бағытта жұмыс жасайды. Кафедрадағы тәрбие жұмыстарын басқару үрдісі әр топтың тәрбие жетекшілеріне жүктелген. Студенттер мен тәрбие жетекшілері қаланың, университет пен институттың қоғамдық өміріне белсене араласады. Тәрбие жұмыстары топ жиналысында бекітілген жоспар бойынша жүргізіледі. Кафедрада оқу үдерісімен қатар тәрбиелік және әлеуметтік жұмыстарға баса назар аударылады.

Жаңа оқу жылында **студенттерге анықтамалық нұсқаулық** берілді. Онда студенттік күнтізбелік жоспар, студенттердің этикалық кодексі, оқытудың кредиттік технологиясы бойынша оқу үдерісін ұйымдастыруды ерекшеліктері, кітапхананы, корпоративтік желі қызметтерін пайдалану ережелері туралы ақпараттар қамтылған.

Тәрбие жетекшілеріне арналған нұсқаулықта оның өз тобындағы студенттердің оқу-тәрбие үдерісіндегі қызығушылықтары мен құқықтарын қорғаушы, тұлғалық жағымды қарым-қатынастарын орнатушы және студенттердің болашақтағы іс-әрекетін жүйелі ұйымдастырушы, қоғамда орын алған келеңсіз құбылыстардың алдын алып бағдар беруші-педагог екендігі көрсетілген, сонымен қатар оған тәрбие жұмысының бағыттары, тәрбие жетекшілерінің міндеттері, тәрбие жетекшісі жүргізуге тиісті құжаттар енгізілген.

Тәрбие жетекшісі туралы ережеде жалпы ережелер, тәрбие жетекшісі жұмысының негізгі бағыттары, тәрбие жетекшісін тағайындау, тәрбие жетекшісі жұмысын ұйымдастыру, тәрбие жетекшісінің жұмысын бақылау және бағалау туралы мәселелер көрсетілген. Жоспарға сәйкес тәрбие жұмыстарын жүргізді.

2014-2015 оқу жылы- жалпы студенттер саны 98.

Тәрбие жетекшілердің саны-14.

Мемлекеттік тілді насихаттау барысында «Өзге тілдің бәрін біл-өз тілінді құрметте» тақырыбында апталық өтті. 1-4 курс «Психология(мамандығы студенттерінің және кафедра оқытушыларының ұйымдастыруымен институт көлемінде «Адал еңбек, алғысым ұстазыма» атты мерекелік кеш

ұйымдастырылды.



Сонымен қатар кафедраның тәрбие жетекшілері, оқытушылар психология ғылымдарының кандидаты, аға оқытушы Б.Д.Жігітбекова телеарналарда кеңес беру жұмыстарын жүргізді.



bakhytdastan_09



bakhytdastan_09 Шәкіртім Балжан сабақты
жақсы оқыған студенттерімнің бірі.

Жыл сайын өтілетін «Үздік тәрбие жетекшісі» байқауына қатысып аға оқытушы, тәрбие жетекшісі Момбиева Г.А. университет ректорының төс белгісімен марапатталды.

Студенттер жатақханамен толық қамтамасыз етілді және сонымен қатар студенттердің әлеуметтік жағдайында байланысты оқу ақысына жеңілдіктер жасалды.

2015-2016 оқу жылы-жалпы студенттер саны 110 студент.

Тәрбие жетекшілерінің саны-16

Жаңа оқу жылы «Білім күні» мерекесімен басталды. 1 курсқа қабылданған студенттерді университет және институт өмірімен таныстыру мақсаты негізінде арнайы мерекелік кеш ұйымдастырылды. Студенттерді жатақханаға орналастыру жұмыстары жүргізілді. Студенттердің 65% жатақханамен қамтамасыз етіліп, орналасты. Әлеуметтік қолдауға зәру студенттерге (толық және жартылай жетімдер, көп балалы отбасынан шыққан студенттер, мүгедек студенттер) оқу ақысын жеңілдіктермен төлеуіне университет ректоры тарапынан жағдай жасалып, материалдық көмек көрсету мақсатында өтініш-құжаттары тапсырылды. Жатақханаға орналыстыру барысында жатақхана ережесімен таныстыру жұмыстары жүргізілді. Қазақ хандығының 550 жылдық мерекесіне орай кафедра тәрбие жетекшілері мен мамандық студенттерінің ұйымдастыруымен мерекелік іс-шаралар ұйымдастырылды. 8 Наурыз Халықаралық әйелдер күніне байланысты кафедраның профессор-оқытушылар құрамы мен мамандық студенттерінің ұйымдастыруымен институт көлемінде «Арман жырым-аруларым» атты мерекелік кеш ұйымдастырылып, өз деңгейінде өтті.



Жалпы және қолданбалы психология кафедрасының ұйымдастыруымен «Жалпыға ортақ Еңбек қоғамы-жарқын болашақтың бастауы атты пікір талас

өтті.



Сонымен қатар ЭКСПО-2017 бағдарламасы аясында дөңгелек үстел өткізілді.



Жыл сайын өтілетін «Үздік тәрбие жетекшісі» байқауына қатысып аға оқытушы, тәрбие жетекшісі Садреймова А.Ж. университет ректорының төс белгісімен марапатталды.



2016-2017 оқу жылы-жалпы студенттер саны 121 студент.

Тәрбие жетекшілерінің саны-16

Студенттерді жатақханаға орналастыру жұмыстары жүргізілді. Студенттердің 75% жатақханамен қамтамасыз етіліп, орналасты. Әлеуметтік қолдауға зәру студенттерге (толық және жартылай жетімдер, көп балалы отбасынан шыққан студенттер, мүгедек студенттер) оқу ақысын жеңілдіктермен төлеуіне университет ректоры тарапынан жағдай жасалып, материалдық көмек көрсету мақсатында өтініш-құжаттары тапсырылды. Жатақханаға орналыстыру барысында жатақхана ережесімен таныстыру жұмыстары жүргізілді. 5В050300-Психология 1 курс студенттерінің ұйымдастыруымен «Тәуелсіз Елім-Қазақстан» тақырыбында салтанатты кеш өткізілді.





Кафедра оқытушылары жатақханада кезекшілік ұйымдастырып студенттерімен сұхбаттасып, тұрмыстарын тексеріп отырды. 25 желтоқсан Халықаралық психологтар күніне арналған мерекелік кеш ұйымдастырылып кафедраның профессорлық-оқытушылар құрамы мен мамандық студенттері, магистранттары белсене қатысты.



8 Наурыз Халықаралық әйелдер күніне орай кафедраның профессор-

оқытушылар құрамы мен мамандық студенттерінің ұйымдастыруымен институт көлемін «Асыл Ана» атты мерекелік кеш ұйымдастырылып, өз





денгейінде
өтті.

**2017-2018 оқу жылы-жалпы студенттер саны 154 студент.
Тәрбие жетекшілерінің саны-14**

Студенттерді жатақханаға орналастыру жұмыстары жүргізілді. Студент жатақханамен қамтамасыз етіліп, орналасты. Әлеуметтік қолдауға зәру студенттерге (толық және жартылай жетімдер, көп балалы отбасынан шыққан студенттер, мүгедек студенттер) оқу ақысын жеңілдіктермен төлеуіне университет ректоры тарапынан жағдай жасалып, материалдық көмек көрсету мақсатында өтініш-құжаттары тапсырылды. Кафедра оқытушылары мен мамандық студенттерінің ұйымдастыруымен «Мемлекеттік тілдің латын графикасындағы әліпбиінің бірінғай стандартын енгізу мәселелері» бойынша пікірталас болып өтті.



Кафедраның аға оқытушылары Н.А.Кудушова мен П.Б. Дауткалиеваның ұйымдастыруымен студенттерге «Қазақстанның үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттік» атты Қазақстан халқына Жолдауын талдау жұмыстары іске асты.



Университет көлемінде ұйымдастырылған «Денсаулық күні» спартакиадасына кафедра оқытушылары мен мамандық студенттері атсалысты.



Сонымен қатар қалалық сенбіліктерге қатысып, қала тазалығын жақсарту мақсатында жұмыстар атқарды.



Жалпы және қолданбалы психология
Кафедрасының меңгерушісі
психол.ғ.д., профессор

А.К. Сатова

Орындаушы:
магистр., аға оқытушы
Тел: +77077848283

А.Ж.Садреймова